



**ОБРАЗОВАНИЕ И
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
XXI ВЕКА
ГЛАЗАМИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

**Сборник
международной
научно-практической
конференции
АСТАНА - УФА – 2023**

**ОБРАЗОВАНИЕ И
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА
XXI ВЕКА
ГЛАЗАМИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

**Сборник
международной
научно-практической
конференции
для студентов, магистрантов,
докторантов и молодых ученых**

**АСТАНА -УФА
2023**

УДК 37.0+80/81
ББК 74.00+81.2
О-23

Рецензенты:

- Буркова Т.А.* – доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М. Акмуллы, Башкортостан, РФ
- Булатбаева Г.Н.* – доктор педагогических наук, Национальная Академия им. Ы. Алтынсарина, г.Астана
- Загатова С.Б.* – кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г.Астана

Научный редактор:

Бижкенова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Смагулова М.Г., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

О-23 Образование и филологическая наука XXI века глазами молодых ученых: Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2023. - 193 с.

ISBN 978-601-326-711-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева совместно с кафедрой германского языкознания и зарубежной литературы БГПУ им. Акмуллы.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 37.0+80/81
ББК 74.00+81.2

ISBN 978-601-326-711-1

© Коллектив авторов, 2023

3. Full Text: Obama's Foreign Policy Speech // The Guardian [Electronic resource]. URL: <https://www.theguardian.com/world/2008/jul/16/uselections2008.barackobama> (дата обращения: 31.10.2017).

4. The Guardian [Electronic resource]. URL: <https://www.theguardian.com> (дата обращения: 30.10.2017).

5. The New York Times [Electronic resource]. URL: <https://www.nytimes.com> (дата обращения: 30.10.2017).

6. Remarks of Senator Barack Obama: Real Leadership For a Clean Energy Future [Electronic resource]. URL: https://2008election.procon.org/sourcefiles/Obama_20071008.pdf (дата обращения: 31.10.2017).

7. The Telegraph [Electronic resource]. URL: <https://www.theTelegraph.co.uk> (дата обращения: 30.10.2017).

8. Then... and now // The Guardian. 30 June 2005 [Electronic resource]. URL: <https://www.theguardian.com/environment/2005/jun/30/climatechange.climatechangeenvironment> (дата обращения: 01.11.2017).

9. The Times Online [Electronic resource]. URL: <https://timesonline.co.uk> (дата обращения: 30.10.2017).

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Балпанқұл Б.Б.

4 курс студенті,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекші ф.ғ.к., профессор Кенжетәева Г.К.

Түйіндеме: Мақалада гендерлік аспектідегі, атап айтқанда, әйелдерге арналған қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерге салыстырмалы талдау жасалған. Сондай-ақ, бұл мақалада қазақ және ағылшын дереккөздеріндегі әйелдер туралы мақал-мәтелдер зерттеліп, тақырыптық түрде бөлініп, қазақ және ағылшын фольклоры жасаған әйел бейнесі сипатталады.

Түйін сөздер: гендер, жыныс, әйел бейнесі, мақал-мәтелдер, салыстырмалы талдау.

Аннотация: В статье проведен сравнительный анализ пословиц и поговорок в гендерном аспекте, в частности, о женщинах на казахском и английском языках. Также в данной статье исследуются и тематически выделяются пословицы о женщинах из казахских и английских источников, описывается образ женщины, созданный казахским и английским фольклорами.

Ключевые слова: гендер, пол, образ женщины, пословицы и поговорки, сравнительный анализ.

Abstract: The article provides a comparative analysis of proverbs and sayings in the gender aspect, in particular about women in the Kazakh and English languages. Also in this article the proverbs and sayings about women from Kazakh and English sources are studied, divided thematically and the image of a woman created by Kazakh and English folklore is described.

Keywords: gender, sex, the image of a woman, proverbs and sayings, comparative analysis.

Баяғы заманнан бері қоғамда ер мен әйелге деген әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Ол көзқарастар ер мен әйелдің қоғамдағы және отбасындағы рөліне байланысты, әйелдердің теңсіздігі сияқты мәселелердің негізінде қалыптасты. Соның нәтижесінде ғылымда гендер термині пайда болды.

Гендер категориясы XIX ғасырдың 60-шы жылдардың аяғы мен 70-ші жылдардың басында ғылымға енгізілді және алдымен тарихта, әлеуметтануда және психологияда қолданылды, содан кейін ғана лингвистикада да гендер ұғымы қолданыла бастады.

Орыс тарихшысы, мәдени антрополог, кеңес және Ресей ғылымындағы тарихи феминология мен гендерлік тарихтың негізін қалаушысы – Н.Л. Пушкареваның айтуы бойынша, *гендер* термині «әйел» және «ер» арасындағы әлеуметтік, мәдени, психологиялық аспектілерді сипаттау үшін, яғни қоғам ер және әйел адамдарға тән қасиеттерді, нормаларды, стереотиптерді, рөлдерді қалыптастыратын барлық нәрсені бөліп көрсету кезінде қолданылады [1, 166]. Бұл кезеңде негізінен ерлерге қарағанда әйелдер туралы зерттеулер басым болды.

«Гендер» терминінің И.Р. Гальпериннің «Үлкен ағылшын-орыс сөздігінде» екі анықтамасы бар: біріншісі – грамматикалық категория, екіншісі – жыныс. Сонымен қатар «гендер» термині М. Вебстердің сөздігінде де дәл сол мағынаны білдіреді.

Гендер сөзінің қазақша баламасы «жыныс» екені белгілі. Ал отандық зерттеуші Б. Хасанұлы «жыныс» сөзін екі түрлі мағынада қолдануға болатындығын жазған:

1) биологиялық, яғни жалпы мағынасы. Жыныс деген – еркек пен әйел арасындағы анатомиялық айырманы білдіретін термин. Биологиялық жыныс екеу, ол – еркек пен ұрғашы;

2) әлеуметтік мағына. Бұл жерде *жыныс* термині әлеуметтік топқа тән құрылым екенін ескеріп, «*әлеуметтік жыныс*» деп атағанды жөн көрдік. Тегінде бұл өзі анатомиялық жыныс ұғымынан өрбіген, бірақ оған сәйкес келмейтін, әлеуметтік-мәдени құрылым (орысшасы: социально-культурная конструкция)» [2, 16 б.].

Мақал-мәтелдер әрбір халықтың ауыз әдебиетіндегі жанрлардың бірі. Көлемі жағынан шағын, мағынасы терең, мазмұны бай шығармалар. Мақал-мәтелдерді ғылымда паремия деп те атайды. Паремия термині грек тілінен аударғанда мақал-мәтел деген мағынаны білдіреді.

Қазақ халқының ұлы ақыны, педагог, әдебиет зерттеуші ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде мақал мен мәтелге жеке анықтама беріп оларға мысалдар келтіреді:

«Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мысалы: Ашу – дұшпан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос» [3, 129 б.].

«Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде

айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады. Мысалы: Өзі тойса да, көзі тоймады»[3,130 б.].

Мақал-мәтелдерді А. Байтұрсынов, Ш. Уәлиханов, Б. Адамбаев сияқты отандық ғалымдар зерттеген. Б. Адамбаев өзінің «Халық даналығы» атты монографиясында мақал-мәтелдердің шешендік сөздермен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындайды. Сонымен қатар мақал-мәтелге анықтама береді: «Мақал-мәтелдер адам тұрмысындағы алуан түрлі уақиғаларды, қарым қатынастарды қысқа, тұжырымды тілмен түсіндіреді; айтылмыс ойды ажарлайды, әрі анықтайды. Сондықтан да халық «Сөздің көркі мақал деп бағалаған»[4,6 б.].

Мақал-мәтелдер ұлтымыздың ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып келе жатқан асыл қазынасы. Қазақ ауыз әдебиетінің ең маңызды бөлігі, ұрпақтан ұрпаққа таралып сақталып келе жатқан нақыл сөздері, даналық ойлары. Мақал-мәтелдер тіліміздің байлығын бүкіл әлемге паш ететін ерекше құралдар. «Мақал-мәтелдердің осы күнге дейін өмір сүріп келуі олардың тілінің көркемдігі, аз сөзбен көп мағына беруі, мазмұнының тереңдігі, сонымен қатар есте сақтауға қолайлы болуы» деп Б. Адамбаев өзінің «Халық даналығы» атты еңбегінде жазып қалдырған [4,6 б.]. Мақал-мәтелдердің барлығы өмірде болған оқиғалардың нәтижесінде пайда болған. Олар халықтың көрген қиыншылықтарынан, қуаныштарынан, наным-сенімдері мен мәдениетінен сыр шертеді.

Біздің мақсатымыз қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі әйел бейнесін ашу. Мақал-мәтелдердегі әйел бейнесін анықтау үшін әр түрлі дереккөздерден қазақ тілінде – 166, ағылшын тілінде – 263 мақал-мәтел жиналды. Жиналған мақал-мәтелдер орыс ғалымы Г.Л. Пермяковтың классификациясы бойынша бірнеше тақырыптық топтарға жіктелді. Мысалы: әйелдің ақылдылығына байланысты, әйелдің сұлулығына байланысты, тәрбиесіне байланысты, «жақсы әйел» және «жаман әйел» бейнелері және т.б. топтар.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерде әйел адамның ер адамнан бір саты төмен тұратыны, қоғамдағы әлеуметтік орны анықталады. Қазақ тіліндегі «*Алтын басты әйелден, баұыр басты еркек артық*», «*Еркек – бас, әйел – мойын*», «*Қатын бастаған көш оңбас*», «*Байтал шауып бәйге алмас*» сынды мақал-мәтелдер осыған дәлел бола алады. Ал ағылшын тілінде «*There is no devil so bad as a she devil*», «*A bad woman is worse than a bad man*» (Жаман әйел жаман еркектен де жаман), «*Women is woe to man*» (Әйел ер адамға қайғы), «*It's a sad house where the hen crows louder than the cock*» (Әтештен гөрі тауық қатты дауыстайтын үй – қайғылы үй) сияқты мақал-мәтелдер әйелдің ер адамнан төмен тұратындығын көрсетеді.

Мақал-мәтелдерде әйелдің ақымақтығы туралы да айтылады. Қазақ тілінде «*Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа*», «*Әйел – шашы ұзын, ақылы қысқа болмыс*» сияқты мақал-мәтелдер бар. Ал ағылшын тілінде «*When an ass climbs aladder, we may find wisdom in a woman*» (Есек баспалдақпен

көтерілгенде, біз әйелден даналық таба аламыз), «*Women have long hair and short brains*» (Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа), «*A women's thoughts are afterthoughts*» (Әйел ойлары – бұл кейін ойлар), «*Women's wisdom arrives after the event*» (Әйел даналығы оқиғадан кейін келеді) сияқты мақал-мәтелдер әйелдің ақылсыздығын білдіреді.

Қазақ тіліндегі мақалдарда да, ағылшын тіліндегі мақалдарда да «жақсы әйел» және «жаман әйел» ұғымдары қалыптасқан. Жақсы әйел ер адамның жақсылығын асырып, жамандығын жасырып, оның сыйлы болуына себепкер ретінде сипатталады. Оған қазақ тілінде «*Жақсы әйел жаман еркекті түзетеді, жаман әйел жақсы еркекті жүдетеді*», «*Жақсы әйел өміріңді ұзартады, жаман әйел үстіңе тұз артады*», «*Жақсы әйел жаман еркекке біткен бақ, Жақсы жер алтын қоныс – алтын тақ*», «*Жақсы әйел жаман еркекті еркек етеді, Жаман еркек жақсы әйелді келсап етеді*» сияқты мақал-мәтелдер дәлел бола алады. Ағылшын тілінде «*A good wife's a goodly prize*» (Жақсы әйел – жақсы сыйлық), «*A good wife makes a good husband*» (Жақсы әйел жақсы күйеу жасайды), «*A good wife and health is a man's best wealth*» (Жақсы әйел мен денсаулық – ер адамның ең жақсы байлығы) сияқты «жақсы әйел» бейнесін сипаттайтын мақал-мәтелдер бар.

«Жаман әйел» стереотиптік бейнесін сипаттайтын да мақал-мәтелдер жетерлік. Қазақ тілінде «*Қатыны жаман ер азар, қарашасы жаман хан азар*», «*Қатының жаман болса кісі алдында тіл қатпа*», «*Атың жаман болса сатып құтыласың, қатының жаман болса қайтып құтыласың*», «*Қатының жаман болса арманың кетер, қана қасіретпенен заманың кетер*» сияқты мақал-мәтелдер «жаман әйел» бейнесін сипаттайды.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі әйел бейнесін сипаттайтын мақал-мәтелдердің айырмашылықтарына келетін болсақ, қазақ тілінде әйелді шайтанға, мақұлыққа теңемейді. Себебі біздің менталитетімізде әйел адамды ерекше құрметтеген, оларды ұлттың болашағы деп есептеген. Ал ағылшын тілінде ондай мақал мәтелдер кездеседі: «*A woman is man's evil*» (Әйел – ер адамның зұлымдығы), «*Women are the devil's net*» (Әйел шайтанның құралы), «*Devil is dead when there is a wife*» (Шайтан әйелі болған кезде қайтыс болды), «*Women are the snares of Satan*» (Әйелдер шайтанның тұзағы). Бұл сияқты мақал-мәтелдер тек ағылшын тілінде ғана емес, көптеген Еуропа елдерінің әдебиетінде де кездеседі. Батыс елдерінде әйел адамның құқығы шектеліп, ары тапталған. Ұлтымыздың әйел адамды шайтанға теңемей, құрметтеудің ең басты себебі ислам дінін ұстануы. Себебі, ислам дінінде әйел адам мен ер адамның құқығы тең.

Ағылшын тілінде «жесір әйел» туралы мақал-мәтелдер кездеспейді. Ал қазақ тілінде ондай мақал-мәтелдер жетерлік. Мысалы: «*Жесір қатын ер болар, жетім бала ел болар*», «*Жесір қатын – жел буаз*», «*Әйелдің ақылын жесірінде байқа, баланың ақылын жетімінде байқа*».

Ағылшын тілінде кездеспейтін мақал-мәтелдерге көп әйел алушылық, әмеңгерлік салты, сонымен қатар қызға қалың мал беру сияқты мақал-

мәтелдер жатады. Мысалы: «Қатын көп болса шөмішті ит жалайды», «Екі қатынның баласы екі рулы», «Бәйбішеге малын берер, тоқалға жанын берер», «Аға өлсе жеңге мұра», «Қыз алатын қалың малдың көптігіне қарамайды», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмас», «Бастапқы қызыңды жасаулы ұзат, соңғы қызыңның өтеуіне жақсы».

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердегі әйел бейнесін анықтау барысында екі халықтың мақал-мәтелдерінің бір-бірімен ұқсастығы да, айырмашылықтары да байқалады. Екі халықтың мақал-мәтелдерінде де әйел адамдардың сөзшендігі, нәзіктігі, сұлулығы ер адамдардан төмен тұратындығы, жақсы әйел ақылшы, отбасының ұйытқысы ретінде бейнеленеді. Екі ұлттың мақал-мәтелдеріндегі бұл ұқсастықтар әйел адамның стереотиптеріне байланысты. Әйел табиғатынан сұлу, нәзік, сөзшен жаратылыс. Қазақ мақал-мәтелдерінде әйел адамды «Ана» деп құрметтеп, сыйлағандығын аңғарамыз. Себебі, ұлтымызда әйел адам ошақты сақтаушы, ұлт болашағы жастар болса, әйел адам сол жастарды тәрбиелеуші ретінде сипатталады. Сонымен қатар қазақ мақал-мәтелдерінде әйел адамның қиындықтарға төзімділігі, отбасының тыныштығын сақтау үшін жаман мінездер мен әдеттерден арылуға тәрбиелейтін мақал-мәтелдер де бар. Ал ағылшын мақал-мәтелдерінде әйел адамды малдан да төмен мақұлыққа теңегенін көруге болады. Бұл ағылшындықтардың тарихындағы әйел теңсіздігімен байланысты. Ағылшын мақал-мәтелдерінде әйелдің отбасындағы рөлі ашық айтылмайды. Бұл ағылшындықтардың жеке өмірінің жабық болуымен түсіндіріледі. Екі ұлттың мақал-мәтелдерінде де салт-дәстүрге, мәдениетіне немесе отбасылық құндылықтарына байланысты өзіне ғана тән, басқа тілдерде баламасы жоқ мақал-мәтелдердің де бар екендігін жоққа шығармаймыз. Оның басты себебі қос ұлттың менталитеттері мен ұстанатын дінінің әр түрлілігінде.

Пайдаланған әдебиет тізімі

1. Пушкарева Н.Л. Гендерные исследования: рождение, становление, методы и перспективы в системе исторических наук // Женщина. Гендер. Культура.– М., 1999.– С. 15-34.
2. Хасанұлы Б.Қ. Жұбановтың гендерлік жіктелімдер жөніндегі пайымдаулары // «Жұбанов тағылымы»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2005. – 15-24 бб.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш : зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра.– 2003. – 208бет.
4. Адамбаев Б.Халық даналығы : қазақ мақал-мәтелдері мен шешендік сөздері / Б.Адамбаев. – Алматы : Мектеп, 1976. – 158б.
5. Жәрдем Кейкін. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі.– Алматы: «Өлке» баспасы. – 2002 ж. – 448 бет.
6. Lois Kerschen. American proverbs about women. BookLocker.com, Inc. 2012. – 54p.